



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Т. Емелбаев

2023 ж.

«Арнайы педагогика» пәні бойынша
Педагогтардың білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сонымен қатар арнайы білім беру мекемелерінде түзету-диагностикалық, түзету-дамытушылық, бейімделген (қысқартылған) жеке білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында педагогтардың (олигофренопедагогтар, сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, логопедтер, оқытушы-дефектологтар) білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** Оқу бағдарламасына сәйкес «Арнайы педагогика» пәні бойынша оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Арнайы педагогиканың теориялық негіздері	01	Арнайы педагогиканың жалпы сұрақтары мен зерттеу әдістері	Ғылым мен зерттеу әдістері ретінде арнайы педагогиканың теориялық және әдістемелік негіздері туралы білімдерін анықтау
02	Арнайы білім берудің даму кезеңдері	02	Шетелдердегі және Қазақстан Республикасындағы арнайы педагогиканың ғылым ретінде дамуы	Арнайы педагогиканың қалыптасу және даму тарихы, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған отандық арнайы білім беру жүйесінің ерекшеліктері туралы білімдерін анықтау
03	Арнайы педагогиканың ғылыми негізделуі	03	Арнайы педагогиканың ғылыми негізделуі	Арнайы білім берудің теориясы мен тәжірибесін дамытудағы ғылыми негіздердің (философиялық, элеуметтік-мәдени, психологиялық, экономикалық, құқықтық, клиникалық, психологиялық және лингвистикалық) рөлі туралы білімдерін ашу
04	Арнайы білім берудегі дидактика	04	Арнайы білім берудің мазмұны мен арнайы білім берудің қажеттіліктері	Мүмкіндігі шектеулі балалардың арнайы білім беру мазмұны мен ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша теориялық құзыреттіліктерді бағалау
		05	Арнайы оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері, қағидалары	Арнайы педагогика принциптері, арнайы білім берудің технологиялық негіздері және оны

				ұйымдастыру формалары туралы білімдерін анықтау
05	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға (тұлға) білім берудің заманауи жүйесі	06	Арнайы және инклюзивті білім беруде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім алу үшін арнайы жағдай жасау	Арнайы және инклюзивті білім беруді ұйымдастыру мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға ерекше жағдайларды қамтамасыз ету бойынша теориялық құзыреттіліктерін анықтау
		07	Мектепке дейінгі арнайы білім беру жүйесі	Мектепке дейінгі арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		08	Еңбекке жарамсыз мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби бейімдеу, кәсіби білім беру, кәсіби бағдарлау	Еңбекке жарамсыз мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби бейімдеу, кәсіби білім беру, кәсіби бағдарлау жөніндегі теориялық құзыреттіліктерін анықтау
06	Арнайы білім берудің педагогикалық жүйелері	09	Психикалық дамуы тежелген және зияты зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі	Психикалық дамуы тежелген және зияты зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		10	Сөйлеу тілінде ауытқушылығы бар балаларға педагогикалық көмек көрсету жүйесі	Сөйлеу тілінде ауытқушылығы бар балаларға педагогикалық көмек көрсету жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		11	Есту қабілеті зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі	Есту қабілеті зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		12	Көру қабілеті зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі	Көру қабілеті зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		13	Аутизмі бар тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі	Аутизмі бар тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		14	Тірек-қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі	Тірек-қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
		15	Күрделі кемістігі бар тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі	Тірек-қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған тұлғаларға арнайы білім беру жүйесі жөніндегі түсініктері мен білімдерін анықтау
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Арнайы педагогика жалпы педагогиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында арнайы педагогиканың ғылым ретінде дамуы мен арнайы білім берудің

нормативтік-құқықтық құжаттары. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың арнайы білім беру ұйымына бейімделуі, әлеуметтенуі. Арнайы педагогиканың оқыту үдерісі мен білім беру технологиялары. Арнайы білім берудің педагогикалық жүйелері (психикалық дамуы тежелген, зияты, сөйлеу тілі, есту мен көру қабілеті, эмоционалды-ерік-жігер сферасы, тірек-қимыл қозғалыс аппараты зақымдалған, әлеуметтік қарым-қатынасы бұзылған, күрделі бұзылыстары бар балаларға арнайы білім беру). Инклюзивті білім берудің ҚР нормативті-құқықтық құжаттары. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. А.А. Байтурсынова Арнайы педагогика. – Алматы., 2009.

2. Г.А.Абаева, К.Ж.Торобаева, Оразаева Г.С. Арнайы педагогика: Оқу құралы - «Medet group» ЖШС, 2014.

3. И.Г.Елисеева, А.К. Ерсарина Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019.

4. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.

5. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.

6. Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.

7. Қ.Өмірбекова, Қ.Серкебаев Логопедия Оқу құралы. -Алматы. Республикалық баспа кабинеті, 1996.

8. Қ. Қ. Өмірбекова, Г. С .Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ. Қ. Өмірбекованың редакциясымен) – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.


9. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015.

10. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2019.

11. Каримова Г.М., Дефектология негіздері, Ақтөбе 2012.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Орта білім беру комитеті



_____ (ҚОЛЫ) _____ (Т.А.Ә)
« 13 » _____ 02 _____ 2023 ж.

